

## **«Кәсіптік оқыту» кафедрасының магистрантура және докторантура білім беру бағдарламасының жүргізілу ерекшеліктері жөніндегі ақпарат**

Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша магистрантура және докторантура оқу бағдарламаларының негізгі мақсаттары:

- таңдалған мамандану бойынша жеке білім алу траекториясын қамтамасыз ету;

- білім беру және жаңа технологиялар жасау, ғылым, қоғам дамуына қажетті сұрақтарды шешуге бағытталған жаңа формация мамандарын, білім және ғылым интеграциясының тиімді жүйесінің негізінде ғылыми мамандар даярлау;

- отандық жоғары ғылыми-педагогикалық мамандар даярлау технологиясын әлемдік стандарттармен сәйкестендіру;

- магистранттарға және докторанттарға маңызды және тұрақты білім, ғылыми көзқарастарының қалыптасуына жағдай жасау;

- білім алушыларда өзін-өзі қалыптастыру, өзін-өзі жетілдіру және жаңа ғылыми білімдермен қаруландыру, ғылыми педагогикалық зерттеулер жүргізу қабілеттерін қалыптастыру;

- жоғары кәсіби мәдени дамыған, азаматтық ұстанымы бар, заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шеше алатын, жоғары оқу орындарында білім беретін, зерттеушілік және басқарушылық қызметті табысты жүргізе алатын мамандар даярлау.

Магистрантура және докторантура оқу бағдарламаларының міндеті, отандық республика ішінде және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар даярлау, ұлттық білім беру бағдарламаларын әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялау.

Кәсіптік қызмет аймағы: кәсіптік оқу-тәрбиелеу, білім беру мекемелерінде психологиялық – педагогикалық қызмет; орта, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру, ғылыми-зерттеу, жобалық және өндірістік мекемелеріндегі өндірістік қызмет; білім беру мекемелеріндегі, өндірістегі

мамандарды кәсіптік деңгейін жоғарылатуға бағытталған ғылыми зерттеушілік қызмет; педагогика ғылымдарының магистрі мамандануына сәйкес ағартушылық, басқарушылық және жоспарлы қызмет.

Кәсіптік қызмет нысандары: білім беру процесімен байланысты ұйымдарындағы педагогикалық процестің тұтастығын қамтамасыз ететін аймақтар мен құралдар; техникалық және кәсіптік оқыту және жоғары кәсіптік білім беру жүйесіндегі мемлекеттік және мемлекеттік емес бейіндік мекемелер; мамандарды даярлайтын және қайта даярлайтын мекемелер; білім беру аймағындағы ғылыми-зерттеушілік, жобалау ұйымдары; білім беру мекемелерін басқару жүйесіндегі диагностикалау және болжамдау орталықтары.

Кәсіптік қызметтегі шешілуі қажет типтік міндеттер: барлық білім бер мекемелеріндегі мамандарды кәсіптік даярлау және тәрбиелеу, нақты типтік және типтік емес мәселелері; Оқытушылардың, шеберлердің, ата-аналардың, басқарушылар және өндірістік оқытуды ұйымдастыратын мекемелердің өкілдерінің ұжымдық қызметіне, байланысты мәселелері; білім алушыларды кәсіптік даярлау және тәрбиелеу; мамандану деңгейін жоғарлату және жетілдіру жөніндегі міндеттер.

Магистранттар және PhD докторларының негізгі бағыты теориялық және практикалық болашақ мамандануы бойынша еңбектік және кәсіптік қызметтерді меңгеру.

Кәсіптік білім беру мекемесі педагогикалық қызметтегідей, таңдалған халықтық шаруашылық бөліміне мамандар даярлауға, «Кәсіптік оқыту» мамандығы магистранттар және PhD докторлары күзіретті.

«Кәсіптік оқыту» мамандығы бойынша магистранттар 2007 жылдан бастап, докторанттар 2014 жылдан бастап даярланады. Магистратура және докторантурада оқыту ғылыми - педагогикалық бағыт бойынша, қазақ және орыс тілдерінде жүргізіледі.